

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

отырған ойынан, сол ойды қиыстыра білдіруінен анық байқалады” – деп қаламгердің жазу стилінің тіл орамдарына байлығын зерттеуінде аша түседі. [2;315-316]

М.Серғалиев қарымды қаламгерлердің шығармашылығын, шығарма тілін, ерекшелігін зерттегенде басты назарға алған объектісі – жаңашылдық. Ғалымның зерттеу еңбектерінің құндылығы әр қаламгердің жазу мәнерін айқындай отырып, оның жаңашылдығын аша білген. Әсіресе, М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов, С.Шаймерденов, Т.Әлімқұлов, М.Қаратаев сынды қарымды қаламгерлердің даралығын, сөз саптау мәнерін айқындайды. Ғалым өз зерттеулерінде объектінің шығармашылық болмысын, көркемдік ерекшелігін барынша аша түсіп, жан-жақты зерделейді.

Академик М.С.Серғалиев «...көркем әдебиет тіліне ең қажетті шарттардың бірі – автордың шығармашылық даралығының болуы. Бұл арада әңгіме тек тілге қатысты екенін баса айту қажет, өйткені жазушыға қойылатын бұл талап тақырып таңдау, оқиғаны бастап, дамытып, өрбіту сияқты тілден біршама алыстау көрінетін жайларға да байланысты» - дей отырып, әрбір қаламгердің сөз қолдануда, жекелеген сөз жасауда, сөз мағынасын жіті аңғарып, жаңа қырымен пайдалануда өзіндік қолтаңбасы болу керектігін айтады [2; 176].

Автордың даралығы, сөз саптау, жазу мәнері көркем әдеби тіл нормасына келіп тіреледі. Көркем әдеби тіл нормасының шегін көрсетіп, нақтылау мүмкін емес. Ол тілдегі қалыптасқан ережелерге, грамматикалық тұлғаларға, лексикалық бірліктерге сүйене отырып, тіл әлеуетін танытады.

Көркем әдебиет тілінің ерекшеліктері, оның тілдік табиғаты, қаламгердің даралығы, сөз құдіреті көркем әдеби тіл нормасымен анықталады. Ондағы барлық тілдік тәсілдер, сөздің коммуникативтік, эстетикалық қызметі осы нормаға сай жүзеге асады.

Қорыта айтқанда, М.Серғалиевтің қазақ тілінің, қазақтың көркем әдебиет тілінің зерттеліміне қосқан үлесі телегей теңіз. Біздің қарастырған көркем әдебиет тілі жайындағы деректер ғалымның қисапсыз қазыналарының бір бөлігі ғана. Көркем әдебиет тілі дегенде М.Серғалиевтің есімі бірден еске түседі, тіптен егіз ұғым іспеттес. Ғалымның кейінгі ұрпаққа қалдырған мол мұрасы, асыл қазынасы қазақ елі барда, қазақ ұлты барда сөнбек емес.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Балақаев М. Тілдік норма және поэтикалық фразеологизмдер: Сөз өнері. –Алматы Ғылым, 1978. – 8-12 б.
2. Серғалиев М. Көркем әдебиет тілі. –Астана: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2006. –29-30 б, –174-176 б, –369 б.
3. Әуезов М. Абай жолы роман-эпопея 1942, I, II том. –176-230 б, –323-381 б.
4. Еспекова Л. Көркем әдебиет тілі және норма. // Тіл білімі VIII кітап , –Астана : Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2013. 25-26 б.

ӘОЖ 811

КОРЕЙ ТІЛІН ҚАЗАҚ ТІЛІ АРҚЫЛЫ ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ

Ибрагимова А.М.

ibragimovaaidamalik@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
1-курс магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі - Г.Б. Мамаева

Көріс халқының негізгі тұрағы болып саналатын Оңтүстік Корея Республикасы мен Қазақстан Республикасының арасынан барлық жағынан да алшақтық көру – заңды. Шекарасының алшақтығына, туыстас елдер санатына жатпайтынына қарасақ, қос ұлттың арасынан ешқандай сабақтастық таба алмаймыз деген шешімге келуге болады. Өткен жылы

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Оңтүстік Кореяға іс-сапармен барып, экс-президент Мун Чжэ Инмен болған брифинг-кездесуде өз сөзінде: «Қазақстан мен Оңтүстік Корея мемлекетінің арасы алшақ болғанмен, халықтарымыз – тағдырлас», – деп, қос ел арасындағы саяси-экономикалық, мәдени байланысты күшейтуге лебіз білдірді [1].

Расымен, қилы заманда қоныс аударған кәріс халқы қазақ жеріне тұрақтағалы бері еліміздегі барлық тарихи сәттерді бізбен бірге бастан өткеруде. Кәрістердің қазақ жеріне қоныстануы 1937 жылғы Ресейдің Қиыр Шығысынан жаппай жер аударылуына байланысты болды. Ал Қиыр Шығысқа бұл бейбіт, қарапайым халық Жапон басқыншылығынан қашып келіп қоныстанған еді. Бүкілодақтық санақ бойынша Қазақстанда 1989 жылы 103 315 кәріс болған [2]. Сол кезден бері қазақ және кәріс халықтары етене араласып, бүгінгі күнге дейін бейбітшілікте күн кешуде. Алайда қос елдің мәдени, тілдік байланысы, өзара ұқсастығы сол уақыттан ғана емес, одан әріден басталады.

Қазіргі таңда әлемде жаһандану үдерісі белең алып, мемлекеттер арасында саяси, экономикалық, мәдени достық қарым-қатынастар орнауда. Бейбіт, әрі қауіпсіз әлем орнату мақсатында жүріп жатқан бұл үдерістен Қазақстан да тысқары қалмай, өзінің түркітілдес туысқан мемлекеттерімен және көршілес-шекаралас мемлекеттермен ғана одақтаса қоймай, тысқары жатқан, бірақ экономикалық маңызы мол елдермен де байланысты нығайта түсуде. Бұл байланыс тек елші-саясаткерлердің кездесуімен шектелмей, ешқашан өлмейтін мәңгілік мұра – тіл, мәдениет, тарих, өнер сынды аспектілердің байланысы мен сабақтастығы арқылы жалғасын табуы қажет. Сол себепті де, кәрістер мен қазақтар арасындағы тілдік, мәдени ерекшеліктерді, ұқсастықтарды анықтай отырып, оларды салыстыра зерттеу, лингвомәдени ерекшеліктерін айқындау, корей тілін қазақ тілі арқылы үйретудің әдістемесін жасау, ұлттық болмысты қамти отырып тіл үйретудің тиімді әдіс-тәсілдерін ұсыну бүгінгі таңда өзекті болып саналады.

Алтай тілдер семьясына жататын қос тіл сырт көзге мүлдем сәйкес келмейтіндей болып көрінгенмен, тілдік бірліктер жағынан да, грамматикалық, фонетикалық жағынан да өте ұқсас. Көне заманнан бері қалыптасып сақталып келе жатқан қос елдің ұлттық әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері, ділі, танымы арасында ұқсас тұстарын кездестіруге болады [3].

Қазақстанның мемлекеттік тілі – қазақ тілі, ұлтаралық қатынас және жаһандық экономикаға жетелейтін орыс және ағылшын тілі де маңызға ие. Бұдан бөлек мемлекетімізді мекен ететін әртүрлі этностардың тілдері де өздерімен бірге өмір сүріп келеді. Lewis M. Paul, Gary F. Simons және Charles D. Fennig «Ethnologue: Language of Kazakhstan» кітабында Ethnologue жобаларында қабылданған әдістемені қолдана отырып, Қазақстандағы көптілді жағдайдың сипаттамасына 44 тілді енгізіп, оларды екі топқа бөлді. Корей тілін иммигранттық деп санаған 30 тілдің қатарына енгізді [4]. Этнодемографиялық көрсеткіштер бойынша халқының жалпы санының 0.1%–2.1% құрайтын ресми референтті сөйлеушілерінің саны едәуір (немесе біртіндеп) азайып бара жатқан экзогендік тілдер қатарында. Қазақстанда кәріс тілінің екі диалектісі бар: коре мар – кәріс тілінің канонизацияланған нұсқасына кіретін юкчин және менчхон. Коре мар – Қазақстанға Қиыр Шығыстан жер аударылған кәрістердің тілі [5]. Қазақстандағы кәрістер біртіндеп өз тілін ұмыта бастағанмен, жалпы әлемде бұл тіл жылдан-жылға танымалдылыққа ие болып келеді.

Баршаға өздерінің отандық дорамаларымен және k-pop деп аталатын әндерімен танымал болып, K-WAVE (корей толқыны) үдерісін әлемге жая алғанының арқасында корей тіліне қызығушылар мен үйренушілердің саны жыл санап өсуде. Қазақ жастарының арасында да бұл тілге қызығатындары аз емес. Осыны ескеріп, корей тілін қазақ тілі арқылы үйренудің әдістемесі мен үйренуге арналған әртүрлі ресурстарға зер салсақ, олардың көңіл көншітеріліктей емес екенін байқауға болады. Корей тілін орыс тілі немесе ағылшын тілі арқылы үйренуге мол ресурстар мен материалдар бар. Алайда бұл тілді тілдік бірліктері жағынан әлдеқайда ұқсас қазақ тілі арқылы үйрену дұрысырақ.

Қазақстанда корей тіліне деген қызығушылық пен оны үйренушілердің көбеюі алғаш 1980-жылдардың соңы 1990-жылдардың басында болды. Бұл серпілістің арқасында 1992

жылы корей тілін 3000-ға жуық адам, 1994 жылы 5000-нан астам адам оқыған. 1995-96 оқу жылында корей тілі 1450 оқушыдан тұратын 95 тілдік топ бар Қазақстанның 17 мектебінде оқытылған. Бастапқыда корей тілін үйренгісі келетіндерге арналған оқулықтар Қазақстанға Оңтүстік және Солтүстік Кореядан келді, бірақ көп ұзамай Пхеньян экономикалық қиындықтарға байланысты оқулықтар жіберуді тоқтатты. Оңтүстік Корея, керісінше, жыл сайын жіберілетін оқулықтардың, тілдік курстардың және аудио таспалардың санын көбейтті, алайда олар жүйеленбеген, тіл үйрету үдерісі нақты ұйымдастырылмаған болуына орай оқытуда көп қиындық тудырды [6].

Қазіргі таңда бұл тілді үйренуге деген серпіліс қайта өсуде. Және олардың көпшілігі жасөспірім балалар мен жастардың қызығушылығының арқасында. Қызығушылықтан бөлек Оңтүстік Кореяға оқуға, медициналық ем қабылдауға, жұмыс жасауға барушылардың саны көбейіп, бұл тілді үйренуге деген сұраныс артуда. Тілді әліппеден бастап үйретіп, грамматикамен жалғастыру, сөздік қорын кеңейту кез келген тілді үйретуде болатын үдеріс, алайда тіл арқылы тілдің, ұлттың болмысын, салт-дәстүрін, ділін бірге үйрену тілді анығырақ түсіну, тез үйрену үдерісін жылдамдатады.

Корей тілін қазақ тілі арқылы үйрету мәселесіне қатысты қоғамның ойы сан түрлі. Осы тақырып бойынша жүргізілген сауалнама барысында 25 адам қатысып, өз жауаптарын берді. Сауалнама қатысушылары 19-57 жас аралығындағы кездейсоқ адамдар болды, көпшілігінің шет тілді үйренуге деген қызығушылығы бар және корей тілі мен қазақ тілінің арасынан байланыс табуға болады деп есептеген. Корей тілі мен ұлттық болмысын үйретуде топтық жұмыс пен кинометафора әдістерімен үйренуді жөн деп санайды. Бұл жауаптарды дұрыс деп тануға болады, себебі теориялық білімді практикада пайдалана отырып, топпен жұмыстану, білмеген тұстарын пысықтап, білгендерін үйрету арқылы тілді үйренудің сапасы артады. Ал ұлттық болмысты сіңіруде арнайы тақырыптық видеоматериалдар, деректі фильмдер көріп, түсінгенін айту арқылы сол тілдің ұлтына жақындай түседі. Сауалнамаға қатысушылар оқытушы ретінде оқушының пәнге деген қызығушылығын оятып, оны арттыру мен алған грамматикалық, теориялық білімді практикада дұрыс қолдана білуді басты назарда ұстау керек деп есептейді. Себебі, оқушының бойында қажеттілік пен қызығушылық болмаса, үйрену, оқып-білуге селқос қарап, прогрестің баяу жүретіні рас. Ал алған білімді өмірде дұрыс қолдану – ол білімнің басты мақсаты.

Осы сауалнама нәтижелерін басшылыққа ала отырып, магистранттарға осы тақырыпта коучинг жүргізу арқылы эксперимент жасалды. Миға шабуыл жүргізу арқылы магистранттардың кәріс халқы мен корей тілі туралы бастапқы білімдері туралы жауаптар алынды. Коучингте корей тілін оның ұлттық болмысымен қоса үйрету, этнолингвистикалық, лингвомәдени ерекшеліктерін таныту, қазақ тілі мен қазақ халқының болмысымен байланыстыра оқыту басты назарда ұсталды. Сол себептен сабақ магистранттарды әуелі корей әліппесі – хангыльмен таныстырып, өз есімдерін жазудан басталып, әрі қарай қазақ тілі мен корей тілінің грамматикасындағы, фонетикасындағы ұқсастықтармен, қазақ және кәріс халқының ділі, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрлерінің арасындағы сабақтастықты көрсетумен жалғасты. Коучинг теориялық және практикалық бөлімнен тұрды, теориялық бөлімде магистранттарға қос халық арасындағы ұқсастықтар туралы бастапқы ақпараттар мен мысалдар көрсетіліп, түсіндірілді.

Теориялық білімде «Мюнстерберг» әдісі жүргізілді. Әдістің мақсаты қатысушылардың дұрыс таңдау жасау мен зейіндерін арттыруға бағытталған. Әдіс жұппен орындалды. Ондағы тапсырма – әртүрлі қиындықтардан кәріс халқының мақалдарын тауып, мағынасын түсіндіруге тырысып, қазақша баламасын ұсыну. Әдіс қызықты болды, берілген мақалдардан кәріс халқының басты тағамы күріш екені, дәстүрлі тағамы кимчи екені, олардың өздерін айдаһардың ұрпағы деп санайтындығы туралы ақпараттар біліп, халықтың ерекшелігін тануға жақындай түсті.

Келесі «Постер қорғау» әдісі орындалды. Магистранттар үш топқа бөлінді. Оларға сабақтың теориялық бөлімінде «Тілдік ұқсастықтар», «Әдет-ғұрыптарындағы ұқсастықтар», «Ұлттық мейрамдары, дәстүрлеріндегі ұқсастықтар» туралы бастапқы ақпараттар беріліп,

түсіндірілді. Бұл әдіс орындалар алдында осы тақырыптар бойынша әр топқа алдын ала дайындалған қосымша ақпараттар мен суреттер берілді. Әр топ өз тақырыбына сай мәліметтерді оқып, түсініп, постер дайындады. Суреттер көрнекілік ретінде ұсынылып, өз тақырыптарына сәйкес суреттерді қиып, постерді әрледі. Берілген уақыт аяқталған соң әр топ тақтаға шығып, өз тақырыптарын өзгелерге түсіндірді. Өз тақырыптары бойынша магистранттар өздері білетін тың ақпараттарды қоса кетіп, сабаққа деген қызығушылықтарын көрсетті.

Сабақ соңында магистранттардан кері байланыс алынып, ұсыныстар тыңдалды. Сабақ бәріне қызықты болды әрі көпшілігі жаңа ақпараттар ала алғандығын айтып, қолданылған әдіс-тәсілдерге де қанағаттанып, коучингке жоғары баға берді. Өздерінің ұсынысы ретінде тілді үйретуде үйренушілерді көбірек сөйлетуге, олармен үздіксіз байланыста болуға шақырды. Тілді тілдің, ұлттың болмысымен қоса үйретудің маңыздылығын айта кетіп, әсіресе ол қазақ тілімен байланысса, ұқсастықтар мол кездессе, оның бәрін ескеріп, үнемі басшылыққа алудың дұрыс екеніне де назар аударды. Корей тілі мен кәріс халқының танымын, ділін, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін үйретуде қазақ тілі мен қазақ халқымен байланыстыра үйрету оқу процесін жеңілдетеді, себебі үйренушілер өзгенің жаңа нәрсесін өзінде бар нәрсенің баламасы ретінде танып, тез есте сақтайды. Әрі өзіміздің қазақ тілінің ережелері мен мүмкіндіктерін үнемі жадынан шығармайды, ал төл әдет-ғұрып, салт-дәстүрлеріміз қайта еске түсіріліп жаңғыра бермек.

Тілді үйрену барысында лингвомәдени ерекшеліктерді ескеріп үйрету, үйренушінің бойында лингвомәдени дағдыны қалыптастыру үшін екі тілдің тілдік құралдарына, ресурстарына салыстырмалы талдау жүргізу, лингвомәдени аспектілерді шет тілдік қарым-қатынаста орынды қолдану, лингвомәдени түсініктерді интерпретациялау, корей және қазақ тілдерінің тілдік жүйелерінің ұқсас және айрықша белгілерін анықтауға қатысты технологиялар мен әдіс-тәсілдерді қолдану эксперименталды түрде сыналды, нәтижелер алынды. Соған қатысты тілді, соның ішінде корей тілін оқытуда мынадай тәсілдер, тапсырмалар мен жаттығулар орындау тиімді болады деген тұжырым жасалды:

1. Кез келген тақырыпты оқытуды бастамас бұрын миға шабуыл жасай отырып, оқушылардың алғашқы білімін тексеру, тақырыпқа деген қызығушылығын ояту және өткен тақырыптармен байланысын үзбеу керек.

2. Оқушылардың қызығушылығын оятуға бағытталған әдіс – «Тақырыптармен және атаулармен жұмыс». Оқушылар тақырыпқа, атауға қарай отырып, сабақтың не туралы болатынын және ондағы лингвомәдени ерекшеліктерді алдын ала айқындауға тырысады.

3. «Иллюстрациялармен жұмыс жасау», «Кинометафора» әдістері суреттер мен фотосуреттер, видеолар арқылы қосымша білім алып, танымын кеңейтіп, өтіп жатқан теориялық білімнің реалды бейнесін көріп, жақынырақ танысуға мүмкіндік береді. Кәріс халқының мәдени-әлеуметтік жағдайымен танысады, корей тілі ана тілі болып саналатын кәріс халқының сөйлеу ерекшеліктерін тыңдайды, ақпаратты түсінеді, өз пікірлерін айтып, жағдаяттық сұрақтарға жауап беру арқылы тыңдалым, айтылым дағдылары қалыптасады.

4. «Мюнстерберг», «Эквивалентті іріктеу» әдістері оқушылардың зейіні мен дұрыс таңдау, іріктеу дағдыларын арттырады. Оларды түсіндіру, қазақша баламасын ұсыну, талқылау арқылы корей және қазақ тілі арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды салыстыруға мүмкіндік алады.

5. «Тірек сөздерді пайдаланып әңгіме құрастыру», «Диалог құру», «Сахналау» әдістері арқылы тіл үйрену процесін тездетіп, оқушылардың өз бетінше сөйлеу, жазу, қарым-қатынасқа түсуіне жағдай туғызуға болады. Тілді үйреніп қана қоймай, кәріс халқының әлеуметтік-мәдени ерекшеліктерін танып түсініп, оны диалог құру, сахналау, әңгіме құрастыру жұмыстарында көрсетуіне болады.

6. Жұптық, топтық жұмыстар, постер қорғау арқылы тілдік қатынасқа түсуге, білмегенін түсініп алуға мүмкіндік туады. Оқушылар тек мұғалімнің сөзін тындап барлық ақпаратты түсінбеуі мүмкін, бірақ бір-біріне түсіндіру арқылы мол нәтижеге қол жеткізуге болады.

7. «Сөздік», «Түсініктеме» әдістері арқылы жаңа сөздерді, бейтаныс ұғымдарды, фразеологиялық тіркестерді, күрделі тіркестерді, ұлттың танымына байланысты сөздерді түсіндіретін, қазақша баламасын беретін сөздік түзу балалардың есте сақтау қабілетін және жазылым дағдысын арттырады.

Сабақта білім алушының лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыру үшін оқытылып жатқан тілдің мәдениеті туралы хабарлайтын түрлі қосымша материалдарды (бейне, аудио, кітаптар, презентациялар) пайдалану керек [7].

Зерттеу мақалада корей тілін қазақ тілі арқылы үйрету, тіл үйренушінің лингвомәдени құзыреттілігін арттыра үйретудің маңыздылығы айтылды. Барлық халықтың әлем туралы өз түсінігі, өз танымы, өз болмысы, мәдени коды, ділі, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпы болатыны заңды нәрсе екенін ескерсек, оларды тілден ажырату мүмкін емес екенін де түсінуге болады. Ұлттың танымының айнасы – тіл. Сол себептен тілді үйретуде сол тілдің мәдениетін қоса үйрету маңызды аспект болып саналады. Және материалдар мен әдіс-тәсілдер, ресурстар тіл үйретуде тілдің мәдениетімен, шындық өмірмен ұштасып жатуы қажет.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Халықтарымыз тағдырлас – Тоқаев Оңтүстік Корея туралы, БАҚ өкілдеріне берген брифингінен мақала, akorda.kz
2. Қазақстанның кәрістері: кешегісі мен бүгінгісі, Ең Хун Сон, abai.kz сайтынан <https://abai.kz/post/5425>
3. Салғастырмалы тіл білімі. Ж. Есеналиева, Алматы, 2020
4. Ethnologue: Language of Kazakhstan, Lewis M. Paul, Gary F. Simons, Charles D. Fennig, 2015
5. Қазақстан тілдері: әлеуметтік анықтамалық, Қазақстан Халқы Ассамблеясы, Алматы, 2020
6. German Kim, Diaspora and Language: the Case of Koreans in Kazakhstan, Almaty, 2009
7. Глушакова И.В. Формирование лингвокультурной компетенции при обучении иностранному языку // В сборнике: Стратегия и тактика подготовки современного педагога в условиях диалогового пространства образования. сборник научных статей. Санкт-Петербург, 2019.

ӘОЖ 81-26

А.ЙҮГІНЕКИДІҢ «АҚИҚАТ СЫЙЫ» ДАСТАНЫНДАҒЫ БІР БУЫНДЫ ТҮБІРЛЕР

Избасарова Аругүл

Жиенбекова Аружан

aruizbasarovva@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

2-курс білім алушылары, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі - Г.О.Сыздықова

«Ақиқат сыйы» («Хақиқаттар хадисі» немесе «Ақиқат сыйы», арабша атауы – Һибат-ул-Хақайк) – А.Йүгінекидің бізге жеткен бір ғана шығармасы. Дастанда адамгершілік, әділеттілік, білімділік, ақыл-парасаттылық сияқты өнегелі ұғымдар дәріптеліп, адамдыққа жат іс-әрекет, мінез-құлықтар сыналады. Шығарма әр қырынан зерттелген: мәтін сөзбе-сөз аударылған (Ә.Құрышжанов, Б.Сағындықұлы), қазіргі қазақ тілімен ұқсас тұстарының көп екені салыстырыла зерттелген (Х.Сүйіншәлиев), лингвистикалық талдаулар жасалып, академиялық нұсқасы берілген (К.Махмудов). Біз дастандағы бір буынды түбір сөздерді фонетикалық, сөзжасамдық, морфологиялық және семантикалық, этимологиялық тұрғыда саралаймыз.